

15 сабақ тапсырмалары.

№1. Меншікті жылдамдығы 15,3 км/сағ катер ағыс жылдамдығы 2,4 км/сағ өзенде ағыспен 2 сағ жүзді. Сонда ол А және В айлақтарының арақашықтығының 30 % - ін жүзіп өтті. А және В айлақтарының арақашықтығы неше километр?

A) 120 км; B) 118 км; C) 125 км; D) 110 км

№2. Матаның алғашқы бағасы 600 тг. Матаның бағасы бірінші ретте 10 % - ке, екінші ретте соңғы бағасы 20 % - ке арзандады. 3 м мата соңғы бағамен неше теңге тұрады?

№3. Автобус бірінші сағатта барлық жолдың 40 % - ін жүргенде, тағы да жүруге тиісті 90 км жол қалды. Барлық жолдың ұзындығы неше километр?

№4. Сыныптағы 28 оқушының 75 % - і спортпен айналысады. Сыныптағы оқушылардың нешеуі спортпен айналысады?

№5. Сыныптағы 18 оқушы спортпен айналысады. Бұл сыныптағы оқушылардың 60 % - і. Сыныпта барлығы неше оқушы оқиды?

№6. Алмұрт кепкенде алғашқы массасының 80 % - ін жоғалтады. Жаңа терілген 30 кг алмұрттан неше килограмм кепкен алмұрт алынады?

№7. Қоспаның 90 % - і темір, қалғаны – никель. Массасы 51 кг қоспаның құрамында қанша темір, қанша никель бар?

№8. Оператор шығарманың бірінші күні 28 % - ін, екінші күні 20 % - ін тергенде, терілмеген 39 беті қалды. Шығармада барлығы неше бет бар?

№9. Квадрат пен үшбұрыштың ауданы 15 см². Квадраттың ауданы үшбұрыштың ауданынан 50 % артық. Квадраттың қабырғасының ұзындығы неше сантиметр?

№10. Бақтағы нарғыз гүлі раушан гүлінен 20 % кем, ал жасмин гүлі нарғыз гүлінен 25 % кем. Бақтағы жасмин гүлі раушан гүлінен неше процент кем?

№11. Әңгімедегі сөздердің 35 % - і етістіктер. Ондағы зат есімдер етістіктердің 80 % - індей, ал сын есімдер зат есімдердің 75 % - індей, қалғаны – әртүрлі сөз таптары. Әңгімедегі сөздердің неше проценті әртүрлі сөз таптары?

№12. Сүттің 8 % - і қаймақ, қаймақтың 25 % - і май. Сүттің неше проценті май?